

«Need Help» мобильді қосымшаны пайдаланудың жалпы талаптары туралы пайдаланушы келісімі

Осы «Need Help» мобильді қосымшаны пайдаланудың жалпы талаптары туралы пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – Келісім) Құрылғыларға арналған мобильді төлеу қосымшасын пайдалану талаптарын белгілейді және ол Құқық иесі мен Пайдаланушы арасында бекітілуге жатады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. **Құқық иесі** – «Need Help» заң компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, (БСН: 220940031304 заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Луганский к-сі, 139, 5-ші қабат.)

1.2. **Пайдаланушы** – Қосымшаны құрылғысына орнатқан жеке тұлға.

1.3. **Қосымша** – Need Help мобильді қосымшасы, құру фактісіне байланысты осы қосымшаға айрықша құқық тек Құқық иесі ғана тиесілі болып табылады.

1.4. **Лицензия** – Қосымшаны пайдалану үшін берілетін қарапайым (айрықша емес) кері шақырылып алатын басқаларға берілмейтін өтемсіз лицензия.

1.5. **Құрылғы** – Интернет желісіне қолжетімдігі бар, қосымша орнатылған мобильді техникалық құрылғы.

1.6. **Ресми сайт** – Құқық иесінің Интернет желісіндегі сайты: www.needhelp.kz.

1.7. **Push-хабарлама** – ол қысқа қалқыма хабарлама, ол Пайдаланушының Мобильді қосымшасына жіберіледі және онда Қосымшаның жаңартулары, жаңалықтар, жарнамалар мен науқандар туралы ақпарат болуы мүмкін.

2. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

2.1. Осы Келісім Need Help мобильді қосымшасына айрықша құқығы бар иесі болып табылатын Құқық иесі мен осы Қосымшаны пайдаланатын Пайдаланушы арасындағы жалпы тәртіп пен қатынастарды анықтайды. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395, 396 баптарына сәйкес, жеке тұлғаларға бағытталған осы Келісім талаптары негізіндегі бұқаралық оферта болып табылады.

2.2. Осы Келісім талаптарымен келісе отырып, Пайдаланушы өзінің құқығы мен іске жарамдылығын растайды, өзінің дербес деректерінің шынайылығын куәлендіреді және олардың нақтылығы, толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды. 21.05.2013 жылғы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы негізінде Құқық иесі, Пайдаланушыларды тіркеу барысында дербес деректерді өңдеу және қорғау принциптері мен қағидаларын сақтай отырып, тіркелген Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдейді.

2.3. Құқық иесі Қосымшаны жетілдіру мен өзгертуді, кейбір функциялар мен мүмкіндіктерді енгізуді, алып тастауды көздейді, соған байланысты осы Келісімді Құқық иесі бір жақты тәртіпте өзгерте және / немесе толықтыра алады. Осы Келісімге өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізгеннен кейін Пайдаланушы осындай өзгерістермен және / немесе толықтырулармен келісімін растап, Қосымшаны пайдалануды жалғастыра алады. Пайдаланушы аталмыш құжаттардың қандай да болмасын ережелерімен келіспеген жағдайда, Пайдаланушы Қосымшаға толық қолжетімдіктен шектеледі.

2.4. Осы Келісімнің талаптарын қабылдай отырып, Пайдаланушы Қосымшаның және оның Сервистерінің жұмысы туралы ақпарат алуға, соның ішінде жарнамалық, ақпараттық және өзге хабарламаларды push-хабарламалар арқылы, соның ішінде электрондық мекенжайға (егер ондай бар болса) жіберу арқылы алуға, сондай-ақ Қосымшаның өзінен тиісті ақпаратты алуға өз келісімін растайды.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Келісімді растаған жағдайда, Пайдаланушы Келісімде жазылған барлық талаптарға өз келісімін береді.

Осы Келісімге сәйкес Қосымшаны Өзектендіру (бұдан әрі – Тіркеу) және оны әрі қарай пайдалану осы Келісімнің барлық талаптарымен келіскенінің растамасы болып табылады. Пайдаланушының авторланған деректерін (қолжетімдік кодын) Пайдаланушы өз бетімен жасайды. Қолжетімдік кодын Пайдаланушы кез келген мезетте және санын шектеместен өзгерте алады. Кодты тек Пайдаланушының қолданыстағы коды дұрыс енгізілген жағдайда ғана өзгертуге болады. Құқық иесі Қосымшада Тіркеуден өткен және Қосымшаны мақсатына сәйкес пайдаланатын кез келген тұлғаны Пайдаланушы деп таниды.

3.2. Қосымша Пайдаланушыға ұялы телефонды пайдалана отырып, 30 минуттан 60 минутқа дейінгі аралықта кәсіби және жедел заң кеңесін алуға мүмкіндік береді. Осы көрсетілген уақыт аралығы Пайдаланушының бір сұрағына жауап беруді көздейді.

3.3. Пайдаланушы Қосымшаны пайдалануды бастау үшін, ол Тіркеуден өту арқылы, атап айтқанда: Қосымшада өзінің телефон нөмірін, ФАӨа, электрондық поштасының мекенжайын (ол бар болған жағдайда) және тұрғылықты облысын көрсете отырып, Қосымшаны өзектендіреді.

3.4. Құқық иесі Пайдаланушыға ақылы заң қызметтерін көрсетеді. Ақылы заң қызметтерін көрсету талаптары туралы Құқық иесі Пайдаланушыға Қосымшаға немесе интернет-сайтқа қызмет туралы (қызмет атауы, оның құны, төлем формасы мен тәртібі туралы) тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлама береді.

3.5. Заңды кеңес алу үшін (Пайдаланушы сұрағына жауап) Пайдаланушы сәйкес төлем функциясын пайдалана отырып (екінші деңгейдегі банк бөлімшелері арқылы қолма-қол ақшасын төлем жасау), Қосымша мәзірінде көрсетілген қызметті (қызметті төлеу) төлейді. Төлем түскен мезеттен бастап Пайдаланушы сұрақ қояды және Қосымшадан білікті заңды кеңес (Пайдаланушы қойған сұраққа құқықтық сипаттағы жауап) алады.

3.6. Пайдаланушы толыққанды және дұрыс жауап алу үшін, мән-жайларды, олардың мерзімі мен басқа фактілерді толық көрсете отырып, сұрақты дұрыс және нақты қою керек.

3.7. Қызметті төлегеннен кейін Пайдаланушы тек бір ғана сұрақ қоя алады. Егер сұрақ саны бірден артық болса, Пайдаланушы сұрақтар реті бойынша тек бірінші сұраққа ғана жауап ала алады.

3.8. Пайдаланушы осы Келісім талаптарын тиісті түрде сақтауға міндеттенеді.

3.9. Пайдаланушыға осы Қосымшаны тек жеке коммерциялық емес мақсатта ғана пайдалану құқығы біріледі. Бұл ретті Пайдаланушы Қосымшаны тек осы Келісім талаптары негізінде ғана пайдалана алады.

3.10. Пайдаланушы осы Қосымшаны Құқық иесінің, өзге құқық иелерінің, үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, осы Келісім мен ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланбауға міндеттенеді.

3.11. Пайдаланушы оның мобильді құрылғысының сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді және оның мобильді құрылғысына үшінші тұлғалар қолжетімдік алған жағдайда өзі жауап береді. Құрылғы жоғалған жағдайда, Пайдаланушы өзінің дербес деректерінің сақталуы үшін өз бетімен өзі жауап береді. Пайдаланушы Қосымшада сәйкестендіру үшін пайдаланылатын деректерді мұқият және құнттап сақтауға міндеттенеді, ал егер осындай деректер үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Пайдаланушы дереу қолжетімдік кодын өзгертуге міндеттенеді.

3.12. Пайдаланушыға өз бетімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып Қосымшаны, соның ішінде оның сервистерін қайта құрастыруға, жаңғыртуға, қайта кодтауға, дизассемблирлеуге, эмуляциялауға, сонымен қатар Қосымша мен оның сервистеріне қолжетімдік беретін мәліметтерді таратуға, назарға жеткізуге, Қосымшаға немесе оның жекелеген сервистеріне реверс-инжиниринг жасауға тыйым салынады.

3.13. Пайдаланушының Қосымшамен қандай да болмасын заңсыз әрекеттер жасауға, Қосымша функционалдарын бұзуға, Қосымшаның немесе оның сервистерінің бөліктерін басқа мобильді қосымшаларда пайдалануға құқығы жоқ.

3.14. Байланыс қызметі үшін төлем, соның ішінде ұялы байланыс операторлары немесе интернет-қызметтерді жеткізушілердің қызметтері үшін кез келген төлемді Пайдаланушы өз бетімен төлейді.

3.15. Құқық иесі осы Келісімді орындау мақсатында осы Келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін Пайдаланушының қосымша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

3.16. Құқық иесі Қосымша жұмысы туралы ақпаратты, соның ішінде жарнамалық, ақпараттық және өзге хабарламаларды кез келген тәсілмен Пайдаланушы көрсеткен электрондық пошта мекенжайына немесе телефон нөміріне жіберуге немесе тиісті ақпаратты Қосымшаның өзінде орналастыруға құқылы.

3.17. Құқық иесі Пайдаланушы осы Келісімде көрсетілген міндеттемелерді бұзғанын анықтаған жағдайда, Пайдаланушының Қосымшаға қолжетімдігін бұғаттауға құқылы.

3.18. Құқық иесі Қосымшаны бұғаттау арқылы оны әрі қарай пайдалану мүмкіндігін жоюға әкеліп соғатын осы Келісімді кез келген уақытта бір жақты тәртіпте бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4. ЛИЦЕНЗИЯ

4.1. Құқық иесі Лицензия талаптары негізінде Пайдаланушыға осы Келісімге толық сәйкес түрде Қосымшамен жұмыс істеу аясында оның бағдарламалық жасақтамасын пайдалану құқығын береді.

4.2. Лицензия Қосымшаны пайдалануға келесі құқықтарды береді – Құрылғы жадысына көшіру және орнату, Құрылғыға шығару, Қосымшаны осы Келісімде анықталған мақсаттарды өзінің тікелей функционалдық тағайындамасына сәйкес пайдалану.

4.3. Лицензияның әрекет ету мерзімі – Пайдаланушының Қосымшаны пайдаланып бастаған және Пайдаланушының Лицензия талаптарын қабылдаған күнінен бастап оны Құрылғыдан алып тастағанға дейін немесе Пайдаланушының қолжетімдігі бұғатталғанға дейін.

4.4. Осы Лицензияның әрекеті Қосымшаның барлық келесі жаңартуларына / жаңа нұсқаларына таратылады. Қосымшаның жаңартуларын / жаңа нұсқасын орнатуға келісе отырып, Пайдаланушы, егер Қосымшаның жаңартулары / жаңа нұсқасын орнату өзге лицензиялық келісімге байланысты болмаса, Қосымшаның жаңартуларына / жаңа нұсқасына сәйкес осы Лицензияның талаптарын қабылдайды.

4.5. Осы Лицензия және Қосымшаны пайдалануға байланысты барлық қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4.6. Бағдарламаны пайдалана отырып, Сіз келесі құжаттар осы Лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатындығымен келісесіз:

_____ мекенжайында орналасқан «Need Help» сервисінің пайдаланушы келісімі

Аталмыш құжаттар (соның ішінде оның кез келген бөлігі) Пайдаланушыға хабарлама берместен өзгертілуі мүмкін, құжаттардың жаңа редакциясы, егер редакцияның өзі өзгені көздемесе, олар жарияланған мезеттен бастап күшіне енеді.

5. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

5.1. Қосымша жұмысының сапасы мен тұрақтылығын жақсарту және көтеру мақсатында, Құқық иесі Пайдаланушының Қосымшаны пайдалануы туралы статистикалық ақпаратты жинауға, сақтауға және өңдеуге, алынған деректерді өз бетімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып өңдеуге құқылы.

5.2. Жаңартуға жеке лицензиялық келісім тіркелген жағдайдан басқа кезде, Келісіс талаптары мобильді Қосымшаның кез келген жаңартуларына / жаңа нұсқаларына, толықтыруларына таратылады.

5.3. Қосымша «қалай бар» (as is) талаптарында беріледі. Құқық иесі Қосымшаның немесе оның жекелеген компоненттерінің және / немесе функцияларының қатесіз және үздіксіз жұмысына, Қосымшаның Пайдаланушының нақты мақсаттарына сәйкестігіне ешқандай кепілдік бермейді, деректердің шынайылығына, нақтылығына, толықтығы мен уақтылығына кепілдік бермейді, сондай-ақ осы Келісімде тура көрсетілмеген ешқандай өзге кепілдіктер ұсынбайды.

5.4. Құқық иесі Қосымшаны қандай да болмасын пайдаланудың қандай да болмасын тікелей немесе жанама салдардары немесе Қосымшаны (деректерді қоса) қандай да болмасын пайдалану, пайдаланудың мүмкін болмауы үшін және / немесе Қосымшаны (деректерді қоса) немесе оның жекелеген компоненттерін және / немесе функцияларын пайдаланудың, соның ішінде, тікелей заңнама көздеген жағдайлардан басқа, олардың жұмысындағы қателіктер немесе жұмыстың тоқтауы нәтижесінде Пайдаланушыға және / немесе үшінші тараптарға келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.

5.5. Қосымшаны немесе Деректерді пайдалануға / пайдаланудың мүмкін болмауына, сондай-ақ Қосымшамен немесе Деректермен заңнаманы және / немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға байланысты барлық сұрақтар мен наразылықтарды электрондық байланыс бойынша кері байланыс формасы арқылы nh@keruen.com электрондық пошта мекенжайына жіберу керек.

5.6. Қосымшада техникалық ақаулар пайда болған жағдайда, Пайдаланушы техникалық қолдауға жүгінуге құқылы немесе Қосымша функционалын пайдалана отырып, техникалық қолдау қызметі оның байланыс деректері бойынша Пайдаланушымен өз бетімен байланысқа шығып, оған ұсынылатын қызметтер туралы ақпарат береді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Пайдаланушы Қосымшаны пайдалануға байланысты үшінші тұлғалар алдындағы әрекеттері үшін, соның ішінде, егер осындай әрекеттер үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға әкеліп соққан әрекеттері үшін, сондай-ақ Қосымшаны пайдалану барысында заңнаманы сақтау үшін өз бетімен жауап береді.

6.2. Егер заңнамада өзге көзделмесе, Құқық иесі жіберіп алған пайда, толық алынбай қалған кіріс, деректердің жоғалғаны, қаржылық және (немесе) өзге шығындар үшін, сондай-ақ жанама және (немесе) күтпеген залалдар үшін жауап бермейді.

6.3. Пайдаланушы тек Құқық иесіне залал келтіруге бағытталған қандай да болмасын әрекеттер жасамайтындығына кепілдік береді.

6.4. Құқық иесі Пайдаланушы интернетінің байланыс сапасы үшін де, сондай-ақ мобильді құрылғының техникалық ақаулары үшін және деректердің жоғалуына әкеліп соққан өзге факторлар үшін де жауап бермейді.

6.5. Қосымшаны пайдалану ережелерін, Пайдаланушы міндеттері мен осы Келісімде көрсетілген тыйым салуларды бұзған, сондай-ақ осы Келісімнің 3.12 тармағын бұзған жағдайда, Пайдаланушы осындай әрекеттер салдарынан келтірілген залалды ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық көлемде төлеп беруге міндеттенеді.

6.6. Бағдарламаны «Need Help» атауы арқылы пайдалану (соның ішінде тарату) керек. Пайдаланушының Бағдарламаның атауын, авторлық құқықты қорғау белгісін (copyright notice) немесе Құқық иесін көрсететін өзге нұсқауларды өзгертуге және / немесе алып тастауға құқығы жоқ.

6.7. Қосымшаға айрықша құқық Құқық иесінде болып табылады.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

7.1. Осы Келісімді орындауға байланысты кез келген дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Пайдаланушы мен Құқық иесі оларды өзара келіссөздер жүргізу арқылы шешуге барлық күшін салады.

7.2. Егер даулар келіссөздер арқылы шешілмесе, онда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген тәртіпте, Құқық иесінің орналасқан орнындағы тиісті құзіретті сотта шешілуге жатады, сот ісінің тілі – қазақ, орыс тілдері.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТІ ЖАҒДАЙЛАР

8.1. Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін, егер осындай орындамау еңсерілмейтін күшті жағдайлар (форс-мажор), атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, әскери әрекеттер және т.с.с. салдарынан болса, және осы жағдайлар осы келісім талаптарын орындауға тікелей әсер еткен болса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аталмыш жағдайлардың әрекет ету мерзіміне сәйкес ұзартылады.

8.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға жағдайы жоқ Тарап, дереу ол туралы осындай жағдайлардың басталғаны туралы келесі Тарапқа хабар береді, бірақ кез келген жағдайда осындай хабарлама осы әрекеттер басталған күннен бастап 5 (бес) күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

8.3. Егер аталмыш жағдайлар 14 (он төрт) күннен артыққа созылатын болса, онда кез келген Тарап осы Келісімді бұзуға ұсыныс жасауға құқылы. Осы Келісімді осы бап көздеген негіздер бойынша бұзған жағдайда, Тараптардың ешқайсысының келесі Тараптан өз шығындарын өтеп беруді талап етуге құқығы жоқ. Бұл ретте Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді өтеуді көздейтін қажетті өзара төлемдер жүргізеді және еңсерілмейтін күшті жағдайлардың басталуына байланысты орындалмай қалған міндеттемелер үшін алдын ала төленген ақша қаражаттарын қайтарып береді.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Осы Келісім Пайдаланушы үшін Қосымшаны орнатқан және Қосымшада пайдаланушы келісімін қабылдаған мезеттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.

9.2. егер осы Келісімнің қандай да болмасын ережесі жарамсыз деп танылса, онда ол осы Келісімнің қалған ережелерінің әрекеттілігі мен қолдануына әсер етпейді.

9.3. Осы Келісімнің қолданыстағы редакциясы Құқық иесінің Сайтына орналастырылған және Интернет желісінде www.needhelp.kz мекенжайы бойынша қолжетімді болып табылады.

9.4. Сервисті пайдалануға / пайдалану мүмкіндігіне, сондай-ақ заңнаманы және / немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға байланысты барлық сұрақтар, жүгінулер мен наразылықтар кері байланыс формасы арқылы nh@keruen.com мекенжайына жіберілуі тиіс.

9.5. Осы Келісімді орындау үшін, үшінші тұлғалар тартылуы мүмкін. Пайдаланушы, аталмыш үшінші тұлғаларда Қосымшаның құқық иесіне, соның ішінде Пайдаланушының дербес деректеріне қатысты берілетін құқықтар болатындығын растайды.

9.6. Егер Пайдаланушы басқаны дәлелдей алмаса, оның мобильді құрылғысын пайдалана отырып жасалған кез келген әрекет сәйкес Пайдаланушы жасалған әрекет деп саналады. Оның мобильді құрылғысына заңсыз қолжетімдік алынған жағдайда, Пайдаланушы ол туралы Құқық иесіне дереу белгіленген тәртіпте хабарлауға міндетті.

9.7. Құқық иесі Қосымша мен оның жекелеген Сервистері Пайдаланушының күтулеріне сәйкес жұмыс істейтіндігіне кепілдік береді. Сонымен қатар Құқық иесі Пайдаланушының Құрылғысында зиянды әрекет ететін бағдарламалар (зиянды кодтар, вирустар) болған

жағдайда, Қосымша арқылы берілетін ақпараттың жаңғыруының, өзгеруінің факторы болуы мүмкін ақпаратты бергені үшін жауап бермейді.